

Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызың 6D020500 - Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің

ПІКІРІ

XX ғасырдағы әлемдік ізденістер мен өзгерістер, шегіне жеткен әлеуметтік қайшылықтар мен оның дидары, замана қалпындағы мезеттік құбылыс, сәл тітіркеністің өзін қалт жібермейтін сезімтал лириканың да болмысын күрделендірді.

Ұлттық мінез қазақ әдебиеттану ғылымында аса маңызды мәселе болып табылады. Жаһандық, ғаламдық өзгерістер ұлт деген сөздің өзін жойып жіберетіндей бүгінгі алмағайып заманда қаламгерлер ұлттық құндылықтарға аса мән бере бастауы да осыдан келіп туындаған күрделі дүние.

Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез – бұл, біріншіден, лириканы өмірге жақындатушы да, екіншіден, оны идеяға қатысты қарастырған уақытта нақтылаушы, дәлелдеуші белгі. Ал қозғалыс деп отырғанымыз – көтеріңкі көңіл-күй мен ішкі әлем, сезім.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясының идеялық-тақырыптық ерекшеліктері ұлт болмысы, идентификациясы, ұлттық мінезі арқылы анықталды. Кеңес дәуірінің цензурасына сыймаған тарихи тақырыптар мен тарихи тұлғалар бейнесі тәуелсіздік кезеңінде қайта қозғалып, шабытты жырлар дүниеге келді. Қаламгердің авторлық көзқарасы еркін идеяларға, этномәдени дүниетанымға негізделді.

Қазақ елінің соңғы кезеңдердегі тағдыры – ақындар шығармашылығының негізгі тақырыптарының бірі. Ел тағдырын қазақ ұлтының келешегі, өркениетті елдермен қатар дамуын қалайтын ойлар ақындар өлеңдерінің басты идеясына айналып отырғаны шындық. Осы уақытқа дейінгі қазақ поэзиясының тақырыптық, мазмұндық жаңашылдығы сараланып, поэзиядағы жаңа бағыттар мен ағымдарға талдау жасалып, тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің көрініс табуына әсер еткен саяси-идеологиялық, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік алғышарттар айқындалып тиянақты талданады.

Диссертант Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызының бұл жұмысы тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері поэзиясындағы ұлттық мінез көріністерін зерттеуге бағытталған.

Ғылыми жұмыста XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы қазақ ақындары шығармашылығындағы түркілік сарын мен мәңгірттендіру идеясы салыстыра сипатталған.

Зерттеуші тәуелсіздік жылдарындағы қазақ поэзиясы өкілдерінің шығармашылығын талдап, дәуіраралық кезеңдегі поэзия өкілдерінің көркемдік нысанын анықтап, «ұлттық мінез» концептісі негізінде тәуелсіздік

кезеңі поэзиясына жаңа көзқараспен бағалауға, «ұлттық мінез» ассоциативтік талдау негізінде тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығын саралаған.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар мен тәуелсіздік философиясын зерттеудің ғылыми-теориялық деректері, тәуелсіздік кезеңі жайлы зерттеулер мен ұлттық мінез ұғымы жайлы зерттелген мәліметтер, ғалымдар зерттеулері негізінде ұлттық мінез концептісі талдаған ғылыми еңбектер пайдаланылған.

Диссертациялық жұмыста қазақ поэзиясының тақырыптық, мазмұндық жаңашылдығы сараланып, поэзиядағы жаңа бағыттар мен ағымдарға талдау жасалды. Сонымен қатар тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінездің көрініс табуына әсер еткен саяси-идеологиялық, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік алғышарттар айқындалып, қазіргі қазақ поэзиясындағы ұлттық-мәдени концептілер анықталған. Сонымен қатар жұмыста Қ.Мырза Әлі, М.Шаханов, И.Сапарбай, С.Ақсұңқарұлы, Т.Әбдікәкімұлы, Н.Бердалы, Н.Қуантайұлы сынды поэзия өкілдерінің шығармалары талданған.

Зерттеуде дала ориентациясымен тығыз байланысты дала дүниетанымы әлем бейнесінің символдық құрылымы тіл, өнер, діл сынды аспектілер негізінде анықталған. Этникалық жад пен этникалық сана негізінде мәдениет, дәстүр, дүниетаным маңыздылығы айқындалған. Қазақ халқының этномәдени дүниетанымында «дала», «жол», «шаңырақ», «Жер-ана», «Құт» архетиптерінің өзектілігі сараланып, Сарыарқаның аутентикалық дефинициясы қарастырылған.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Жұмыстың әрбір тарауы тараушалар мен тармақтарға жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұтастықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай жалғасқан.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ұлт мінезін ақындар шығармашылығы негізінде қарастыру арқылы тәуелсіздік жылдарындағы халық болмысы, тарихи оқиғаларға баға беру, ұлт өзегін тану, діл мен дін біртұтастығы тәрізді өзекті мәселелерді теориялық тұрғыдан тұжырымдап, ғылыми деректері негізінде дәйектеуге көмектеседі.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша отандық және шет елдердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда бірнеше мақалалар жарияланған. Диссертацияның зерттеу идеясы мен қорытындыларын негіздеу мақсатында қазақ ақындарының өлеңдері жинақталып, жүйеленіп талдау жасалған.

Жалпы алғанда, Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызының 6D020500–филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінез» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан О.Қ.Сұлтанғалиеваның ғылыми

жұмысын 6D020500 –Филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймыз.

Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының докторы,
профессор



Б.А. Ердембеков

қолын растаймын	
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы	
« 21 »	08 2023 ж.